



Егіндікөл ауданындағы егін жинау науқаны: аграршылар өнім жинауға кірісті



Егіндікөл ауданында егін жинау науқаны басталды. Ағымдағы жылы егін жинау алқабы 307,4 мың гектарды құрайды. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер егістік алқаптарының шамамен 35%-ын жинап үлгерді. Шаруашылықтардың көпшілігі егін жинау жұмыстарына кірісіп кетті, дегенмен жекелеген ауыл шаруашылығы құрылымдары әлі егістік басына шыққан жоқ және жұмысты бастауға дайындық үстінде.

Биылғы жылы аграршыларға күрделі ауа райы жағдайында жұмыс істеуге тура келді. Құрғақшылық кезең ауыл шаруашылығы дақылдарының дамуына және соның салдарынан өнімділік деңгейіне айтарлықтай әсер етті. Қазіргі уақытта орташа өнімділік гектарына шамамен 10 центнерді құрап отыр.

Қалыптасқан ауа райы жағдайларына қарамастан, ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері жұмысты жалғастыруда. Олар егін жинау науқанын уақытылы өткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдап, техниканың дайындығын қамтамасыз етуде, сондай-ақ механизаторлардың жұмысын ұйымдастырып, өсірілген өнімді шығынсыз жинап алуға ұмтылуда.

Егін жинау жұмыстарының барысы тұрақты бақылауда. Бүгінгі таңдағы басты міндет — егін жинау науқанын қолайлы мерзімде аяқтау және алынған өнімнің сақталуын қамтамасыз ету.

Уборочная кампания в Егиндыкольском районе: аграрии начали сбор урожая

В Егиндыкольском районе началась уборочная кампания. В текущем году уборочная площадь составляет 307,4 тыс. га. На сегодняшний день сельскохозяйственными товаропроизводителями убрано около 35% посевных площадей. Большинство хозяйств уже приступили к проведению уборочных работ, однако отдельные сельхозформирования пока еще не вышли на поля и готовятся к началу уборки. В текущем году аграриям пришлось работать в непростых погодных условиях. Засушливый период оказал значительное влияние на развитие сельскохозяйственных культур и, как следствие, на уровень урожайности. В настоящее время средняя урожайность составляет порядка 10 центнеров с гектара.

Несмотря на сложившиеся погодные условия, сельхозтоваропроизводители района продолжают работу, принимают все необходимые меры для своевременного проведения уборочной кампании, обеспечивают подготовку техники, организуют работу механизаторов и стремятся собрать выращенный урожай без потерь.

Ход уборочных работ находится на постоянном контроле. Основная задача на сегодняшний день — завершить уборочную кампанию в оптимальные сроки и обеспечить сохранность полученного урожая.

А.Кантемиров,
Аудандық ауылшаруашылық, кәсіпкерлік және жер қатынастары бөлімінің басшысы

Образование Егиндыкольского района: развитие на основе ценностей, качества и новых возможностей.



В Егиндыкольском районе продолжается системная работа по повышению качества образования, развитию профессионального потенциала педагогов, поддержке одарённых детей и созданию современных и доступных условий для обучения каждого ребёнка. Традиционная августовская конференция педагогических работников Егиндыкольского района в этом году проходит под темой «Развитие системы образования Егиндыкольского района на основе конституционных ценностей: приоритеты модернизации». Сегодня эта тема приобретает особое значение, поскольку современная школа — это не только пространство для получения знаний, но и важнейшая среда формирования личности, гражданской ответственности, уважения к закону, любви к Родине и стремления к созидательному труду.

Качество образования — главный приоритет
Сегодня в районе функционируют 9 школ, в которых обучаются 946 учащихся. Система дошкольного образования представлена 8 организациями, где воспитанием и обучением охвачены 165 детей. Одним из ключевых показателей работы системы образования является качество знаний. В 2025–2026 учебном году этот показатель по району составил 64,7%, увеличившись по сравнению с предыдущим годом на 0,7 процентного пункта.

Положительная динамика подтверждается и результатами внешней оценки. Учащиеся 4-х и 9-х классов приняли участие в мониторинге образовательных достижений (МОДО). Особенно высокие результаты показали учащиеся 4-го класса общеобразовательной школы села Полтавское, набравшие 482 балла и занявшие 5-е место в областном рейтинге.

По математической грамотности результат составил 518 баллов, что на 12 баллов выше среднеобластного показателя. Такой результат стал закономерным итогом системной работы педагогов, направленной на развитие функциональной грамотности и умения применять полученные знания на практике.

Педагог — основа развития школы
В образовательных организациях района работают 166 педагогов. Из них 146 имеют высшее образование. Профессиональный уровень педагогического коллектива продолжает расти: 113 педагогов, или 77%, имеют квалификационные категории нового формата. В их числе 56 педагогов-модераторов, 51 педагог-эксперт и 6 педагогов-исследователей. В новом учебном году ещё 8 педагогов планируют пройти аттестацию на категорию педагога-эксперта и один — на категорию педагога-исследователя. Современный учитель сегодня — это не только носитель знаний, но и наставник, исследователь, организатор образовательного процесса, готовый использовать цифровые технологии и современные инструменты обучения.

Ярким примером профессионального мастерства стало достижение учителя художественного труда Общеобразовательной школы №1 Зарины Жуматовны Сарсеновой, ставшей обладателем официального мирового рекорда и получившей сертификат Global Best of Records. Международное признание связано

с созданием крупнейшей коллекции казахских национальных корпе под брендом «KÖSHEN KÖRPE», выполненных с соблюдением традиционных технологий.

Учителя начальных классов Елена Андреевна Мицуля и Аманбай Ажжан Жулдыкызы представили район на республиканском форуме «LIFE LONG LEARNING», где поделились опытом применения искусственного интеллекта и робототехники в образовательном процессе.

Поддержка одарённых детей

Особое место в работе системы образования занимает развитие способностей и талантов школьников. В течение учебного года по данному направлению проведено 30 мероприятий. Учащиеся района завоевали 28 призовых мест на районном, 12 — на областном и 2 — на республиканском уровне.

Школьники успешно участвовали в олимпиадах и конкурсах «Жарқын болашақ», «Абай оқулары», «IQanat», «Үркер», «Алтын тұғыр», «Алтын сақа» и других проектах.

В олимпиаде «IQanat» 10 учащихся прошли на областной этап, а ученик 9 класса Общеобразовательной школы №1 Магжан Халелов завоевал путёвку на республиканский этап. Значимые результаты показывают и воспитанники дошкольных организаций. В семейных творческих конкурсах районного, областного и республиканского уровней они также становились призёрами. Это свидетельствует о том, что поддержка талантов начинается уже с дошкольного возраста и невозможна без активного участия семьи.

Успешный старт выпускников

Особой гордостью района стали выпускники 2025–2026 учебного года. Школу окончили 17 учащихся 11-х классов.

Два выпускника стали обладателями знака «Алтын белгі» и получили государственные образовательные гранты. Ещё три выпускника окончили школу с аттестатами с отличием, двое из них также стали обладателями государственных грантов. Отдельно хочется отметить выпускницу Общеобразовательной школы №2 села Егиндыколь Асанову Мадину, которая по итогам Единого национального тестирования (ЕНТ) набрала высокий результат — 131 балл.

За каждым из этих результатов — ежедневный труд самих школьников, педагогов и родителей. Именно их совместные усилия создают основу для успешного профессионального и жизненного старта молодых людей.

Спорт, летний отдых и занятость детей

Важным направлением остаются физическое развитие и организация содержательного досуга школьников. В течение учебного года было запланировано 45 мероприятий по направлениям спорта, туризма и начальной военно-технологической подготовки. Команда общеобразовательной школы села Полтавское Кабишева Космана Сайлаубаевича



Что может дать человеку книга? Знания, новые мысли, возможность лучше понять прошлое и настоящее. Иногда именно книга помогает по-новому взглянуть на жизнь и открыть для себя целый мир. Сегодня особенно важно формировать грамотную и читающую нацию. Этой цели служит республиканский проект «Оқитынұлт» («Читающая нация»), направленный

на популяризацию чтения и отечественной литературы. Узынкольская сельская модельная библиотека активно участвует в реализации проекта. Для нас чтение - это не просто привычка, а возможность прикоснуться к истории своей страны, культуре народа и почувствовать связь поколений. Мы проводим книжные обзоры, тематические встречи,

литературные мероприятия, выезжаем в населённые пункты и стараемся сделать книгу ближе к каждому читателю.

Особый интерес вызывают произведения современных казахстанских авторов. Среди них - «По ту сторону Луны» Бахытжана Канапьянова. Это произведение заставляет задуматься о времени, памяти, жизненном пути человека и духовных ценностях.

Мы стараемся не просто рассказать о книге, а вызвать желание прочитать её. Ведь иногда достаточно интересного факта, небольшой цитаты или увлекательного рассказа, чтобы человек захотел открыть книгу самостоятельно.

Через произведения Мухтара Ауэзова, Софы Сматаева, Бахытжана Канапьянова и других казахстанских писателей мы знакомим читателей с богатством отечественной литературы. За каждой книгой стоит не только судьба героя, но и история народа, его культура, память и духовные ценности. «Читающая нация» - это не просто проект, а путь к знаниям и пониманию своей истории. А задача библиотеки - быть рядом с читателем, помочь найти свою книгу и показать, что чтение - это увлекательное путешествие к новым знаниям, мыслям и открытиям. Возможно, именно с одной книги начинается любовь к чтению. А вместе с ней путь человека к знаниям, своей истории и самому себе.

И.Хамутовская,

Узынкольская сельская модельная библиотека

Сот және заң

Сот төрелігін жүзеге асырудағы Конституцияның рөлі



Конституция – әділ сот төрелігінің негізгі кепілі. Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін айқындайтын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған басты құқықтық құжат. Конституцияның үстемдігі барлық мемлекеттік органдардың, соның ішінде соттардың қызметінде ерекше маңызға ие. Себебі сот төрелігін жүзеге асырудың басты мақсаты – заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және әділеттілікті орнықтыру.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде Конституция мен заңға ғана бағынады. Соттың қызметіне қандай да бір түрде араласуға жол берілмейді. Бұл қағида судьяға істің мән-жайларын жан-жақты және объективті бағалап, шешімді сыртқы ықпалдан тәуелсіз қабылдауға мүмкіндік береді. Сот төрелігінің конституциялық негіздерінің бірі –

адамның сот арқылы қорғалу құқығы. Әрбір азамат өзінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Бұл – құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі. Сот азамат пен мемлекеттік орган, жеке тұлғалар, ұйымдар арасындағы құқықтық дауларды шешу арқылы заңның нақты өмірде орындалуына ықпал етеді. Конституцияның тағы бір маңызды кепілдігі – соттардың адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануына жол берілмеуі. Егер сот қолданылуға тиіс норма адамның конституциялық құқықтарына нұқсан келтіреді деп есептесе, ол заңда белгіленген тәртіппен Конституциялық Сотқа жүгіну мәселесін көтереді. Осы тетік Конституцияның жоғары заңдық күшін және оның құқықтық жүйедегі үстемдігін қамтамасыз етеді. Сот шешімдерінің міндеттілігі де конституциялық деңгейде бекітілген. Заңды күшіне енген сот актілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті болып табылады. Бұл сот билігінің беделі мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды шарт. Сот актісінің орындалуы – әділ сот төрелігінің соңғы әрі аса маңызды кезеңдерінің бірі. Сондықтан Конституцияны құрметтеу және оның нормаларын бұлжытпай орындау – әрбір мемлекеттік органның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Ал сот төрелігі саласында бұл талаптың маңызы одан да жоғары, өйткені сот шешімі адамның тағдырына, оның құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер етеді.

А.Базылбеков,

Егіндікөл аудандық сотының аға сот приставы

Мемлекеттік тілдің мәртебесі-ел мәртебесі

Тіл -ұлттың рухани қазынасы, халықтың тарихы мен мәдениетінің ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл мұра. Әр мемлекеттің өзіндік болмысын айқындайтын басты құндылықтарының бірі-оның мемлекеттік тілі. Сондықтан «Мемлекеттік тілдің мәртебесі-ел мәртебесі» деген ұғымның мәні терең. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Қазақ тілі- халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылығы, тәуелсіздігіміздің маңызды нышандарының бірі. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту- тек тіл мамандарының немесе мемлекеттік қызметшілердің міндеті емес, бұл – әрбір азаматқа ортақ жауапкершілік.

Бүгін қазақ тілін дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Білім беру, мемлекеттік қызмет, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық өмір салаларында қазақ тілінің қолданысы артып келеді. Дегенмен тілдің шынайы мәртебесі оның заң жүзіндегі деңгеймен ғана емес, күнделікті өмірдегі қолданысымен де

өлшенеді. Тілді құрметтеу-елді құрметтеу. Қазақ тілінде сөйлеп, оны үйренуге ұмтылу ұлттық мәдениетке деген құрметтің белгісі. Өсіресе жас ұрпақтың мемлекеттік тілді еркін меңгеруі-еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Өйткені тілін сақтаған халық өзінің тарихын, салт-дәстүрін және ұлттық болмысын да сақтайды.

Мемлекеттік тілдің беделін көтеру үшін әр азамат өз ортасында қазақ тілін қолдануға, оның тазалығы мен байлығын сақтауға үлес қоса алады. Қорыта айтқанда, мемлекеттің тілдің мәртебесін көтеру- болашағымызға ортақ міндет. Қазақ тілінің болашағы оны қаншалықты құрметтеп, күнделікті өмірде қолданатымызға байланысты. Тілі биік елдің рухы да биік. Сондықтан мемлекеттік тілге деген құрмет-елге деген құрмет. Қазақ тілінің мәртебесі асқақтап, қолданылу аясы кеңейе берсін!

А.Жанабаева

**Егіндікөл аудандық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы**

Заң және тәртіп: сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық – азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне нұқсан келтіріп, олардың қызметінің тиімділігін төмендететін және қоғамның дамуына кері әсер ететін аса маңызды факторлардың бірі. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау, қызметтік тәртіпті нығайту және қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

Әрбір мемлекеттік қызметші мен құқық қорғау органдарының қызметкері мынаны есте сақтауы тиіс: қызметтік өкілеттіктер тек заңда белгіленген міндеттерді орындау үшін беріледі және оларды жеке мүдделерге немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдалануға жол берілмейді.

Сыбайлас жемқорлық – тек пара алу ғана емес. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, қызметтік ақпаратты заңсыз пайдалану, жекелеген тұлғаларға негізсіз артықшылықтар беру және заңсыз пайда табуға бағытталған өзге де әрекеттер жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Қызметтік міндеттерді орындауға байланысты ақшалай қаражатты, сыйлықтарды, қызметтерді және өзге де материалдық игіліктерді қабылдауға жол берілмейді. Заңсыз сыйақы ұсынудың кез келген фактісіне тиісті құқықтық баға берілуі тиіс.

Айта кету керек, жауапкершілік пара алушыға ғана емес, оны беретін немесе ұсынатын тұлғаларға да көзделген. Лауазымды адамға пара беру, сондай-ақ пара алу заңнамада көзделген жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Сондықтан мәселені заңсыз сыйақы арқылы шешуге әрекет жасау азаматты жауапкершіліктен босатпайды және оны мәселені шешудің зиянсыз тәсілі ретінде қарастыруға болмайды. Мүдделер қақтығысының алдын алу да маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қызметкер жеке мүдделілігі қабылданатын шешімдердің объективтілігіне, заңдылығына және бейтараптығына әсер етуі мүмкін жағдайларға жол бермеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат лауазымды тұлғалардан өз міндеттерін заңды әрі адал орындауды талап етуге құқылы. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда құзыретті органдарға жүгініп, заңсыз ұсыныстарға келіспеу қажет.

Сыбайлас жемқорлық схемаларына қатысудан бас тарту қарапайым қағидаттардан басталады: бермеу, алмау, уәде етпеу және заңсыз сыйақыға келіспеу. Қызметтік тәртіп, заңдылық, принципшілдік пен адалдық – құқық қорғау органдары қызметінің негізі. Осы қағидаттарды сақтау халықтың сенімін арттыруға және заң баршаға бірдей қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Заң және тәртіп – әрқайсымыздан басталады.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Р. Абулханов,

**Егіндікөл ауданы ПБ бастығының орынбасары
полиция подполковнигі**

заняла первое место на областной школьной лиге в Зерендинском районе и достойно представили Акмолинскую область на республиканских соревнованиях по настольному теннису в Таразе, где заняли третье место.



Летом 2026 года отдыхом, оздоровлением и различными формами занятости было охвачено 100% учащихся 1–10 классов — 836 детей. В 2026 году 63 школьника Егиндыкольского района получили возможность отдохнуть и оздоровиться в загородных

детских лагерях.
Современные условия для обучения
Повышение качества образования невозможно без современной материально-технической базы. В 2026 году в школах района проведён ряд текущих

Цифровизация и доступность образования
Все 9 школ района обеспечены широкополосным доступом к сети Интернет. Наряду с традиционными каналами связи используются технологии спутникового интернета Starlink, благодаря чему скорость интернет-соединения в образовательных организациях составляет от 70 до 166 Мбит/с. Особое внимание уделяется и созданию безбарьерной среды. В районе на учёте состоит 41 ребёнок с особыми образовательными потребностями, 16 из них получают регулярную психолого-педагогическую помощь в специализированном кабинете поддержки. Во всех 9 школах района созданы условия для инклюзивного образования. В ясли-саду «Балбобек» охват инклюзивным дошкольным образованием составляет 100%.

Взгляд в новый учебный год
Перед системой образования района стоят новые задачи. В 2026–2027 учебном году особое внимание будет уделено повышению качества образования и воспитания, реализации Единой программы воспитания «Адал азамат», развитию функциональной грамотности учащихся, внедрению искусственного интеллекта и цифровых технологий, а также дальнейшему развитию безопасной и инклюзивной образовательной среды. Главная цель остаётся неизменной — создать условия, при которых каждый ребёнок сможет раскрыть свои способности, получить качественное образование и уверенно сделать следующий шаг в будущее. Сегодня образование Егиндыкольского района — это люди, их профессионализм, инициативность и стремление к развитию. А значит, есть все основания с уверенностью смотреть в новый учебный год и ставить перед собой ещё более амбициозные задачи.

**По информации отдела оразования
Егиндыкольского района**

Ірі қара мал туберкулезі

ІҚМ туберкулезі белгілі зоооздық ауру болып қала береді және бүкіл әлемде кең таралған. Аурудың толық жойылуына көптеген елдерде әртүрлі жабайы табиғат тасымалдаушыларына байланысты күрделі эпидемиология кедергі жасайды. Ауруға қатысты ауқымды халықаралық зерттеулерге қарамастан (бірқатар елдерде туберкулез жоюдың ұлттық бағдарламалары жұмыс істейді), инфекцияның берілу механизмдерінің көпшілігі әлі де толық зерттелмеген.
ІҚМ туберкулезі дегеніміз не?
ІҚМ туберкулезі жабайы сүтқоректілердің (бұғылар мен борсықтар сияқты) бірнеше түрлерін және кейбір үй және ауылшаруашылық жануарларын (иттер, мысықтар, шошқалар, альпақтар және ірі қара мал) зақымдайтын туберкулез түріне берілген атау. Ауру жылдар бойы дамып, жануардың әртүрлі мүшелеріне зақым келтіруі және ақыр соңында өлімге әкелуі мүмкін. Аусыл ауруынан айырмашылығы, ірі қараның туберкулезі әдетте табындағы аздаған жануарларды зақымдайды.
ІҚМ туберкулезінің қоздырғышы микобактериялар тұқымдасына жатады, оның толық атауы *Mycobacterium bovis* немесе *M. bovis*. Сонымен қатар, *M. tuberculosis* – адам түрі және *M. avium* – құс түрі бар. Микобактериялардың физикалық факторларға төзімділігі жоғары. Олар 37-38°C, құс түрі 40-42°C, төмен температураға 269°C шыдайды. Өмір сүру: биоматериалда – бір жылдан астам; қақырықта – 5-6 ай; нәжісте – 5 айға дейін; суда – 18 айға дейін; сүт, ірімшік, сары май және

басқа да мал өнімдерінде – 10 айға дейін.
Күн сәулесі туберкулез микобактериясына зиянды: 50°C 10 сағаттан кейін, 55°C 4 сағаттан кейін өледі. Сүтте 85°C-қа дейін қыздырғанда *M. bovis* 30 минут ішінде, ал қайнатқанда 3-5 минуттан кейін өледі. Дезинфекциялық ерітінділермен әсер етуге болады.
Тарату жолдары
Микобактериялар ағзадан сілекеймен, мұрыннан, қынаптан, шәуетпен, сүтпен бөлінеді. Сонымен қатар туберкулез қоздырғышының көзі (ауру қоздырғышы бір жылдан астам сақталатын) күштеп өлтірілген немесе өлген жануарлардан алынған залал сыздандырылмаған жануарлар шикізаты болып табылады, онда ауру қоздырғышы бір жылдан астам сақталады.
Туберкулез негізінен бір жануардан екінші жануарға тыныс алу жолы арқылы, микобактерияларды жұту арқылы беріледі деп есептеледі. ІҚМ туберкулезі осы жолмен адамға жұғуы мүмкін, бірақ мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі. Инфекцияны жұқтыру үшін адам ұзақ уақыт бойы ауада шашыраған микроскопиялық тамшыларды жұтуы керек. Туберкулез ауру сиырдың пастерленбеген сүтін ішу арқылы жұғады, бұл микобактериялардың ішекте жиналуына мүмкіндік береді.
Микобактериялардың өзгерген формаларының тасымалдаушылары сау жануарларға қауіп төндіреді, өйткені табиғи жағдайда туберкулез микобактерияларының бір түрінен екіншісіне ауысуы мүмкін. Сондықтан шаруашылықтардағы ірі қара малдан жасырын инфекция

Туберкулез КРС

Туберкулез крупного рогатого скота остаается известным зооозным заболеванием и распространено во всем мире. Полному искоренению болезни препятствует сложная эпизоотия, которая во многих странах связана с различными переносчиками из дикой природы. Несмотря на масштабные международные исследования болезни (в ряде стран работают национальные программы ликвидации туберкулеза, большая часть механизмов передачи инфекции до сих пор не понята до конца).
Что такое туберкулез КРС?
Туберкулез крупного рогатого скота — это название, данное типу туберкулеза, который поражает несколько видов диких млекопитающих (например, оленей и барсуков), а также некоторых домашних и сельскохозяйственных животных (например, собак, кошек, свиней, альпаку и крупный рогатый скот). Болезнь может развиваться годами, повреждает различные органы животного и в конечном итоге приводит к смерти. В отличие от ящура, туберкулезом крупного рогатого скота обычно заражается небольшое количество животных в стаде.
Возбудитель туберкулеза КРС относится к роду *Mycobacterium*, его полное название *Mycobacterium bovis*, или *M. bovis*. Кроме того, существует *M. tuberculosis* - человеческий вид и *M. avium* – птичий вид. Устойчивость микобактерий к физическим факторам высокая. Растут при температуре 37-38°C, птичий вид - 40-42°C, переносят низкие температуры - 269°C. Выживают: в биоматериале –болеегода;вмокроте–5-6месяцев;вфекалиях – до 5 месяцев; в воде – до 18 месяцев; в молоке, сырах, масле и других продуктах животноводства – до 10 месяцев. Солнечные лучи губительны для микобактерии туберкулеза:

50°C убивает их через 10 часов, 55°C — через 4 часа. В молоке при нагревании до 85°C *M. bovis* погибает в течение 30 минут, при кипячении - через 3-5 минут. Поддается действию дезинфекционных растворов.
Пути распространения
Микобактерии выделяются из организма со слюной, истечениями из носа, влагалища, со спермой, молоком. Источником возбудителя туберкулеза также является необеззараженное животное сырье, полученное от вынужденно убитых или павших животных, где возбудитель сохраняется более года. Считается, что туберкулез в основном передается от одного животного к другому респираторным путем, при вдыхании микобактерий. Туберкулез крупного рогатого скота может передаваться этим путем и человеку, но такие случаи очень редки. Чтобы заразиться, человеку необходимо вдыхать микроскопические капли, рассеянные в воздухе, в течение длительного периода времени. С гораздо большей вероятностью туберкулез может передаваться при употреблении непастеризованного молока инфицированной коровы, что позволяет микобактериям накапливаться в кишечнике.
Опасность для здоровых животных представляют носители измененных форм микобактерий, поскольку в естественных условиях возможен переход микобактерий туберкулеза одного типа в другой. Поэтому при выявлении у крупного рогатого скота латентной инфекции в хозяйствах необходимо проводить те же мероприятия, что и при обычном классическом туберкулезе.
Симптомы туберкулеза КРС
У коров болезнь без проявления симптомов может

анықталғанда, кәдімгі классикалық туберкулезбен бірдей шараларды жүргізу қажет.
ІҚМ туберкулезінің белгілері
Сиырларда ауру симптомсыз жылдар бойы жалғасуы мүмкін, сондықтан сыртқы белгілерді ауруды анықтаудың сенімді әдісі деп санауға болмайды. Аурудың белгілі бір түрімен ғана нақты белгілерді атап өтуге болады. Мысалы, желіні зақымданған кезде, артқы бөлігі қатты ісініп, қатайып, ауырады. Желіннен қан тамшылары бар сүт шығады. Жеке емізікшелер мыжылған немесе деформацияланған болуы мүмкін. Өкпенің плеврасы зақымдалған болса, сиыр ауырсынуға байланысты қабырғалар арасындағы қысымға күрт әсер етеді.
Егер аурудың көзі ішекте болса, жануар мерзімді, содан кейін тұрақты диареядан зардап шегеді. Салмақты жоғалтуы және сусыздануы сөзсіз орын алады. Нәжісте қан мен ірің болуы мүмкін. Репродуктивті органдардың зақымдануы түсік тастау және бедеулікпен бірге жүреді. *M. bovis*-пен ағзаның ауқымды зақымдануының негізгі симптомы - қабыну және барлық лимфа түйіндерінің көлемінің ұлғаюы, олар қатайып, ауырады;
Жануарлар туберкулезін айқындайтын өмір кезеңіндегі диагностикасының негізгі әдісі - туберкулинмен аллергиялық сынама болып табылады.
Емдеу
Бүгінгі күнге дейін ірі қараның туберкулезін емдейтін тиімді дәрілер жоқ, ауру малды емдеу мүмкін емес.

длиться годами, поэтому внешние признаки нельзя назвать надежным способом выявления болезни. Лишь при определенном типе заболевания можно отметить специфические признаки. Например, при заражении вымени оно сильно отекает в задней части, становится твердым и болезненным. Из сосков выделяется молоко с каплями крови. Отдельные соски могут стать сморщенными или деформированными. При поражении плевры легких корова будет остро реагировать на надавливание между ребер из-за болевых ощущений.
Если очаг заболевания находится в кишечнике, животное будет страдать о периодического, а затем постоянного поноса. Неминуемо возникает потеря веса и обезвоживание. В кале могут быть заметны примеси крови и гноя. Поражение репродуктивных органов сопровождается абортами и бесплодием. Главным симптомом обширного поражения организма *M. bovis* является воспаление и увеличение в размерах всех лимфоузлов, они затвердевают и становятся болезненными.
Основным методом прижизненной диагностики туберкулеза животных является аллергическое исследование туберкулином.
Лечение.
На сегодняшний день эффективных препаратов для терапии туберкулеза КРС нет, вылечить инфицированных животных невозможно.

**Е.Антонович,
главный специалист ГУ
«Егиндыкольская РТИ КВКиН МСХ РК»**

Адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі



Жаңа оқу жылы қарсаңында Көкшетау қаласында Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжановтың қатысуымен білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз конференциясы өтті. Биылғы алқалы жиын «Жаңа халықтық Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбына арналды. Дәстүрлі Тамыз конференциясы – өткен оқу жылын қорытындылап қана қоймай, алдағы кезеңнің негізгі міндеттері мен білім саласының даму бағыттарын айқындайтын маңызды алаң. Биылғы басқосуға онлайн және офлайн форматта 5 мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары, сала мамандары, мемлекеттік органдардың өкілдері мен аудан-қала басшылары болды. Конференцияның негізгі тақырыбы жаңа Конституцияда көрініс тапқан құндылықтармен сабақтастырылды. Жаңа Ата Заңда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, адам қадір-қасиетіне, әділеттілік пен жауапкершілік қағидаттарына ерекше мән берілген. Осы тұрғыдан алғанда, сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мемлекеттің адами капиталын дамытудың негізгі тетіктерінің бірі. Жаңа Конституцияда білім мен жастар мәселесіне айрықша көңіл бөлініп, педагогтердің осы құндылықтарды

жас ұрпақтың бойына сіңірудегі орны маңызды екені де атап көрсетіліп келеді. Алқалы жиынға Егіндікөл ауданының білім саласының өкілдері де белсенді қатысты. Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Викторович Курушиннің қатысуымен аудан ұстаздары Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің акт залында бас қосып, облыстық конференция жұмысына онлайн форматта қосылды. Жиын барысында өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар қорытындыланып, қол жеткізілген жетістіктер мен назар аударуды қажет ететін мәселелер сараланды. Сонымен қатар жаңа оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттер, білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру, тәрбие жұмысын күшейту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану бағыттары талқыланды. Бүгінде білім беру жүйесінің алдында тек білімді оқушы даярлау ғана емес, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын, еңбекқор, отаншыл, заң мен қоғамдық құндылықтарды құрметтейтін тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Сондықтан конференция барысында оқыту мен тәрбиені өзара ұштастыру, педагог мәртебесін көтеру, заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ақмола

облысының экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін де сапалы кадр даярлаудың маңызы зор. Өңірдің жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласында заман талабына сай мамандар даярлау облыстың орнықты дамуының негізгі факторларының бірі ретінде айқындалған. Осы орайда мектептен бастап сапалы білім беру, баланың қабілетін ашу, кәсіби бағдар жұмысын жетілдіру және еңбек нарығына бейім жаңа буынды қалыптастыру білім саласының стратегиялық міндеттерінің қатарында. Конференция аясында білім беру саласына қатысты мазмұнды баяндамалар жасалып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты. Озық педагогикалық әдістер мен тиімді тәжірибелерді тарату, білім сапасын көтеруге бағытталған жаңа бастамаларды қолдау мәселелері ортаға салынды. Мұндай кәсіби пікір алмасу алаңдары ауыл мен қала мектептері арасындағы тәжірибе сабақтастығын нығайтып, ұстаздардың кәсіби дамуына мүмкіндік береді. Алқалы жиынның қорытынды кезеңінде Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжанов сөз сөйлеп, өңірдің білім беру саласын дамытуға үлес қосып жүрген педагогтердің еңбегіне жоғары баға берді. Ұстаз еңбегінің ел болашағын қалыптастырудағы маңызына тоқталып, жаңа оқу жылында білім сапасын арттыру мен жас ұрпаққа лайықты тәрбие беруге бағытталған жұмыстарды жүйелі жалғастыру қажеттігін атап өтті. Салтанатты жиында еңбегімен ерекшеленген бірқатар ұстаздар марапатқа ие болды. Педагогтерге «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі, Ақмола облысы әкімінің Алғыс хаттары және өзге де марапаттар табысталды. Сондай-ақ жоғары нәтижелер көрсеткен үздік білім беру ұйымдарына ақшалай сыйлықтар берілді. Бұл – ұстаздардың күнделікті тынымсыз еңбегіне көрсетілген құрмет қана емес, білім сапасын одан әрі арттыруға берілген үлкен серпін. Тамыз конференциясы – ұстаздар қауымы үшін жаңа оқу жылының бағыт-бағдарын айқындайтын маңызды дәстүр. Биылғы басқосу білім беру ісінің елдің стратегиялық дамуымен, жаңа Конституцияның құндылықтарымен және адами капиталды қалыптастыру міндетімен тығыз байланысты екенін тағы бір мәрте көрсетті. Сапалы білім – қуатты мемлекеттің негізі. Ал сол білімнің бастауында әрдайым ұстаз тұрады. Сондықтан жаңа оқу жылындағы басты міндет – заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің ертеңіне жауапкершілікпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеу. Бұл жолда Ақмола облысының, соның ішінде Егіндікөл ауданы педагогтерінің алдында үлкен міндеттер мен жаңа мүмкіндіктер тұр.

А.Балшых

«Таза Қазақстан»: чистота начинается с каждого из нас



12 августа в селе Егиндыколь на территории стадиона состоялось экологическое мероприятие в рамках общенациональной акции «Таза Қазақстан». В мероприятии приняли участие специалисты Молодёжного ресурсного центра, отдела внутренней политики, Дома культуры, отдела по развитию языков

и центральной библиотеки. Объединившись общей целью, участники провели работу по благоустройству и поддержанию чистоты территории стадиона. Участники мероприятия активно включились в работу: приводили в порядок прилегающую территорию, убирали мусор и создавали более комфортное и ухоженное

пространство для жителей села. Подобные экологические акции помогают не только сделать окружающую среду чище и уютнее, но и формируют у жителей ответственное отношение к родному краю. Особенно важно, что к таким инициативам активно подключается молодёжь, показывая своим примером необходимость бережного отношения к природе и общественным местам. «Таза Қазақстан» — это призыв каждого человека бережно относиться к окружающей среде, сохранять чистоту улиц, дворов, общественных пространств и природных территорий. Акция «Таза Қазақстан» стала хорошей возможностью ещё раз напомнить: чистота начинается с каждого из нас. Только совместными усилиями можно сохранить красоту и порядок в родном селе. Участники мероприятия внесли свой вклад в благоустройство Егиндыколя и призвали жителей поддерживать чистоту не только во время экологических акций, но и каждый день. Таза Қазақстан – таза ауыл, таза болашақ!

Ж.Жансеитова,
Молодежный ресурсный
центр Егиндыкольского района

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.